

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 83 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Серік Нұртайұлы Баймағанбетовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.06.2009 N 825 қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 9

қ а ң т а р д а ғ ы

N            8 3

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі,

ұйымдасқан қылмысқа, атап айтқанда, есірткіге, заңсыз көші-қонға, сондай-ақ терроризмге байланысты қылмыстардың тиімді алдын алу және оларға қарсы күрес мақсатында халықаралық ынтымақтастықтың мәні зор екендігіне көз жеткізе отырып,

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымының, оларды теріс пайдаланудың, сондай-ақ оларды өндіру үшін пайдаланылатын шикізат пен химиялық заттардың заңсыз саудасының ұлғаюына алаңдаушылық білдіре отырып,

заңсыз көші-қон үшін пайдаланылатын құжаттарды қолдан жасауға қарсы күрес

жөнінде тиімді шаралар қабылдауға ниеттене отырып,  
екі мемлекет азаматтарының жеке құқықтары мен бостандықтарын сенімді  
қорғауды қамтамасыз ету саласында өзара іс-қимыл жасасуды дамытуға зор мән бере  
о т ы р ы п ,

орнатылған ынтымақтастық қатынастарды нығайтуға екіжақты ниеттен шыға  
о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Тараптар қылмысқа қарсы күресте әдістемелік және жедел ынтымақтастықты  
жүзеге асырады және мынадай негізгі бағыттар:

- 1) ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес;
- 2) экономикалық қылмыстар және сыбайлас жемқорлық;
- 3) терроризмге қарсы күрес;
- 4) адам саудасына, ең алдымен кәмелетке толмағандарды қанауға және  
жеңгетайлыққа қарсы күрес;
- 5) адам органдары мен тіндерінің заңсыз саудасына қарсы күрес;
- 6) қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, химиялық қоспалардың және  
бактериологиялық препараттардың, сондай-ақ азаматтық және әскери мақсаттағы басқа  
да қауіпті материалдардың, тауарлар мен технологиялардың заңсыз айналымына қарсы  
к ү р е с ;
- 7) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және олардың  
прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес;
- 8) заңсыз көші-қонды ұйымдастыруға және онымен байланысты қылмысқа, атап  
айтқанда астыртын ұйымдарға қарсы күрес;
- 9) компьютерлік жүйелерді пайдалана отырып жасалған қылмыстарға қарсы күрес;
- 10) ұрланған көлік құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес;
- 11) жеке басын куәландыратын құжаттарды қолдан жасауға қарсы күрес бойынша  
бір-біріне өзара көмек көрсетеді.

Тараптардың келісімімен ынтымақтастық Тараптар оларды дамытуға өзара мүдделі  
болатын қылмысқа қарсы күрестің басқа да түрлеріне қолданылады.

Осы Келісім қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және адамдарды  
беру мәселелерін қозғамайды.

## 2-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес ынтымақтастықты  
мынадай нысандарда жүзеге асырады:

- 1) ақпаратпен, кәсіби тәжірибемен, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде алмасу,

сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының өкілдерінен тұратын делегациялардың сапарларын ұйымдастыру;

2) арнайы құжаттамамен алмасу;

3) қызметшілерге арналған оқу курстарын өткізу;

4) қажет болғанда сарапшылармен және мамандармен алмасу.

### **3-бап**

Осы Келісімнің мақсаттарын іске асыру үшін Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары :

1) Қазақстан Республикасының атынан:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы;

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы);

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;

2) Француз Республикасының атынан:

Француз Республикасының Ішкі істер министрлігі болып табылады.

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары осы Келісімнің шеңберінде ынтымақтастыққа ықпал ету мақсатында тікелей екіжақты байланысты жүзеге асыру үшін жазбаша нысанда байланыс деректері мен құралдарын белгілейді.

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өздерінің ресми атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін дереу хабардар етеді.

### **4-бап**

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында немесе үшінші мемлекетте жасалған немесе дайындалып жатқан қылмысқа немесе құқық бұзушылыққа қатысты кез-келген ақпаратпен алмасады.

### **5-бап**

1. Осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастық Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының жазбаша сұрау салуы негізінде жүзеге асырылады.

2. Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы ұлттық заңнамалары шеңберінде жазбаша сұрау салу оны орындау үшін қажетті мәліметтерді, сондай-ақ іске қатысы бар

құжаттардың көшірмелерін қамтиды.

3. Шұғыл жағдайда мұндай сұрау салу ауызша жүзеге асырылады және одан әрі қысқа мерзімде сұрау салынатын Тарап мемлекетінің құзыретті органы жазбаша  
р а с т а у ы т и і с .

4. Сұрау салынатын Тарап мемлекетінің құзыретті органы мұндай сұрау салуды дереу орындайды. Қажет болған жағдайда сұрау салуды орындау бойынша қосымша  
а қ п а р а т с ұ р а л а д ы .

5. Егер мұндай сұрау салуды орындау өз мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртіпке, билікті ұйымдастыру және қызметі нормаларына немесе басқа да маңызды мүддесіне қауіп төндіретін болса немесе мұндай сұрау салуды орындау өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына немесе халықаралық келісімдердің нәтижесі болып табылатын оның міндеттемелеріне қайшы келетін болса, сұрау салынатын Тарап сұрау салуды орындаудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

6. Сұрау салынатын Тарап сұрау салуды орындаудан бас тарту себептері туралы немесе оны ішінара орындауға қатысты сұрау салушы Тарапқа дереу хабарлайды.

7. Тараптар осы Келісімнің ережелерін орындау кезінде бір-бірімен қарым-қатынас жасауда қазақ, француз және орыс тілдерін пайдаланады.

## **6-бап**

Тараптар осы Келісім шеңберінде алмасу нәтижесінде алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді. Бұл ақпарат тек сұрау салынған мақсатта ғана пайдаланылады. Тараптардың ешқайсысы мұндай ақпаратты оны ұсынған Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа бермейді.

Осы мәліметтерді беру Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

## **7-бап**

Тараптар осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды, егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмеген болса, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген қаражат шегінде дербес көтереді.

## **8-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасында даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер жолымен шешеді.

## **9-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің 10-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша хаттамалармен ресімделеді.

## 10-бап

Осы Келісім 5 жылға жасалады және Тараптардың келісімі бойынша келесі бес жылдық мерзімге ұзартылуы мүмкін және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындауы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынғаннан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптардың бірі екінші Тараптың тиісті жазбаша хабарламасын алған күннен бастап үш ай өткен соң өз әрекетін тоқтатады. Егер Тараптар өзара келісім бойынша өзгеше шешім қабылдаса, Келісімді бұзу іске асыру процесіндегі і с - ш а р а л а р д ы қ а м т ы м а й д ы .

Осыны куәландыру үшін тиісті түрде Тараптардың уәкілеттік берілген өкілдері осы Келісімге қол қойды.

200 жылы " " \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ, француз және орыс тілдерінде үш түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Француз Республикасының*

*Үкіметі үшін*